

**Leica Geosystems**  
**Бағдарламалық жабдықтама туралы лицензиялық келісім**

\*Бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланар алдында келісімді мұқият оқып шығыңыз\*

Бұл өнімді қолданар алдында лицензиялық келісімнің (әрі қарай лицензиялық келісім)келесі шарттарын мұқият оқып шығыңыз (1 бөлімде көрсетілгендей). Өнім LEICA GEOSYSTEMS төменде ұсынып отырған ретпен пайдалану мақсатында берілген бағдарламалық жабдықтаманы қамтиды. Мұнда жазылған шарттар мен тұжырымдарды оқымасыңыз және оны қабылдасасаңыз бұл бағдарламалық жабдықтаманы пайдалануыңызға немесе орнатуыңызға болмайды. Бағдарламаны немесе оның бөлігін орнатқанда не пайдаланғанда сіз лицензияның барлық талаптарымен, кепілдігімен, жауапкершілікті шектеуімен басқа да тұжырымдарымен келісетіндігіңізді білдіресіз.

Лицензиялық келісімнің шарттарымен және талаптарымен келіспеген жағдайда, сіз бұл бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланбай, қолданылмаған бағдарламалық жабдықтаманы барлық қосалқы құжаттарымен және тауарлық чегімен бірге өнімді сатып алған агентке сатып алған сәттен бастап 10 (он) күн ішінде өнімнің толық құнын қайтару үшін беруіңіз қажет.

Бағдарламалық жабдықтама бағдарламалық өнімнің активтендірілуін және рұқсат етілмеген пайдаланудың, көшірудің немесе алыстағы техникалық қызмет көрсетудің алдын алуға арналған немесе LEICA GEOSYSTEMS және оның авторландырылған реселлерін қолдау қызметін басқа да технологияларды қамтуы мүмкін. Бұл технология сіздің компьютеріңізді немесе басқа да құрылғыңызды автоматты түрде ғаламторға қосуы мүмкін. Сонымен қатар, қосылған жағдайда бағдарламалық жабдықтама сіздің сериялық номеріңізді/ LEICA GEOSYSTEMS лицензия номерін беруі және рұқсат етілмеген бағдарламалық жабдықтаманы пайдалануды болдырмауы мүмкін. Сондай-ақ бағдарламалық жабдықтама конфигурация, санақты пайдалану немесе бағдарламалық өнімді жаңартуды жүктеуге рұқсат беру болмаса тыйым салуға мүкіндік жасайтын ақпараттар бере алады.

### **1. Анықтамалар**

**«Өнім»** - бұл (а) Leica Geosystems ұсынған сіз бағдарламалық жабдықтамасымен бірге пайдалану үшін сатып алған өнім немесе (б) дербес негізде бағдарламалық жабдықтама алған жағдайда бағдарламалық жабдықтама болып табылады.

**«Сату-сатып алу келісімі»** - сатып алуға тапсырыс, өнімді сатып алу келісімі немесе басқадай құжат.

**«Бағдарламалық жабдықтама»**,жағдайға тәуелді, Leica Geosystems (а) өнімнің алдын ала орнатылатын, сізге ақпарат тасымалдағышта берілетін (б) не Leica Geosystems рұқсатымен ғаламтордан жүктелетін(в) бағдарламалық жабдықтамасын және сәйкес құжаттамасын (электрондық және қағаз нұсқада) білдіреді .

**«Техникалық сипаттама»** - бағдарламалық жабдықтаманың өнім сипаттамасында көрсетілгендей функционалдық мүмкіндіктері және бар болса Leica Geosystems бағдарламалық жабдықтамамен қоса электронды немесе қағаз нұсқада ұсынатын сервистік қызмет.

**«Көрсетілген компьютерлік жабдық»** - өнім сипаттамасында анықталған бағдарламалық жабдықтама дұрыс жұмыс жасау үшін қажет компьютерлік немесе серверлік орта.

**«Жаңарту»** - сатып алынған бағдарламалық жабдықтаманың қателерін түзететін немесе мүмкіндіктерін кеңейтіп, өнімділікті арттыруға бағытталған қосымша қызмет беретін бағдарламалық жабдықтама.

## 2. Лицензия көлемі

Генрих-Вильд-Штрассе, СН-9435, Хербург, Швейцария мекен жайында орналасқан **Leica Geosystems AG** (әрі қарай «Лицензиар» немесе «Leica Geosystems») сізге (әрі қарай «Лицензиат») осы келісімде көрсетілген барлық шарттарды үздіксіз орындаған және бекітілген лицензия ақысын төлеген жағдайда осы келісімде көрсетілген тәртіпте таратуға жатпайтын, сублицензияланбайтын және айрықша емес лицензияны пайдалану құқығын береді. Бағдарламалық жабдықтау егер сату-сатып алу шартында басқасы көрсетілмесе тек бір қосымшаға арналған. Бағдарламалық жабдықтаманы аталмыш келісімдегі лицензияда көрсетілгендерден басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

Лицензия төмендегі шарттармен шектеледі: (а) Бағдарламалық жабдықтама механикалық жолмен оқылатын формада қосымшалардың рұқсат етілген мөлшерінде ғана пайдаланылуы тиіс; (б) Лицензиар нұсқауына сәйкес бағдарламалық жабдықтама бір ғана компьютерлік құрылғыда толықтай немесе бөлшекті түрде орнатылуы, сақталуы және жұмыс жасауы керек; (в) сонымен қатар қауіпсіздік және архивтеу мақсатында бағдарламалық жабдықтаманың 1 (бір) ғана көшірмесін жасауға болады. Мұндай көшірмеде бағдарламалық жабдықтаманың түпнұсқасына, Лицензиар құқықтарына және авторлық құқықтарға сілтеме жасалады. Бағдарламалық жабдықтама лицензияланған жүйенің, құрал немесе құрылғының қосымша модулі немесе жаңартуы түрінде болатын болса, Лицензиат Лицензиар қанша көшірме жасауды бекітсе, сонша көшірме жасай алады.

Анықталған бағдарламалық жабдықтамаларда желілік ортада бағдарламалық жабдықтамалардың қордағы көшірмелерінен басқа («Арнайы бағдарламалар») лицензияланған көшірмесімен бірге бір мезгілде пайдаланушыларды реттеп және бақылап отыратын арнайы бағдарлама болады. Аталмыш келісім арқылы Лицензиат осындай арнайы бағдарламаларды қосуға және жұмыс жасауға және басқа да бағдарламалық жабдықтамамен байланысты қауіпсіздік құралдарын пайдалануға келісім береді. Сонымен қатар лицензиатқа осындай арнайы бағдарламалардың көшірмесін, ұқсас нұсқасын жасауға тыйым салынады.

Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманы лицензияда көрсетілген тәртіппен ғана пайдалануы тиіс және (а) бағдарламалық жабдықтаманы не оның белгілі бөліктерін қандай да болмасын түрде (бейімдеу, түрлендіру аудару немесе ұсталған нұсқада) өзгертуге, (б) бағдарламалық жабдықтаманы немесе оның бөлігін бөлшектеп байланыстыруға, (в) бағдарламалық жабдықтаманы қайта жасауға немесе адам оқи алатын формада түрлендіруге; (г) бағдарламалық жабдықтаманы немесе оның бөлігін басқа операциялық жүйеге беруге; (д) бағдарламалық жабдықтаманы Лицензиардың жазбаша келісімінсіз немесе оның бөлігін үшінші тарапқа беру

немесе қандай да бір түрде үшінші тараптың қол жетімділігіне мүмкіндік жасауға (оның ішінде сыйлыққа беру, жалға беру, тәжірибелік мақсатта беру немесе қызмет көрсету бюросы арқылы); (е) бағдарламалық жабдықтаманы немесе оның бөлігін Лицензиардың жазбаша келісімінсіз көрсетілген компьютерлік құралдан басқа компьютерде пайдалану, немесе біреуден көп желіде, жүйеде пайдалануға; (ж) бағдарламалық жабдықтамадағы авторлық меншікке, лейбл немесе тауарлық белгіге сілтемені өзгерту немесе өшіруге, (з) бағдарламалық жабдықтамаға қатысты Leica Geosystems пайдаланатын рұқсат етілмеген көшіруден қорғаудың кез келген түрін өшіруге арналған құралдарды пайдалануға; (и) Leica Geosystems қоршауға алған қызметтерді белсендіру мақсатында бағдарламалық жабдықтама, құралдар пайдалануға тыйым салынады.

Бағдарламалық жабдықтаманы орнату және әрі қарай пайдалану үшін рұқсат ету номері қажет болуы мүмкін. Кейбір қызметтер үшін немесе Leica Geosystems рұқсат номерін алу үшін тіркелу қажет болады. Лицензиат бағдарламалық жабдықтамаға лицензияны сатып алуға немесе оны тіркеуге байланысты Leica Geosystems өзі берген немесе реселлер, не үшінші тарап лицензиат атынан авторландырған ақпарат пен мәліметтерді пайдалануға келісім береді. Лицензиат Leica Geosystems, авторландырылған реселлер немесе өз атынан әрекет ететін үшінші тарапқа дәл, нақты ақпарат беруге келіседі. Бұдан әрі Лицензиат тіркелген ақпараттың жаңартылуына және сақталуына келісім береді.

Бағдарламалық жабдықтаманы орнатқанда және пайдаланғанда Лицензиат Leica Geosystems рұқсат ету номерін беру үшін, қатынастарды бақылап отыру үшін (оның ішінде болашақ сатып алу үшін рұқсат ету номерін беруді автоматтандыру) тіркелгенде берілген мәліметтерді пайдалануына немесе жаңартуына және осындай жеке мәліметтерді құпиялылық саясатына сәйкес басқа да түрде қолдануға келісім береді.

Лицензиат қажетті келісімсіз немесе Leica Geosystems рұқсатынсыз бағдарламалық жабдықтаманы басқа компьютерге не құрылғыға көшіргенде, мәліметтерді компьютерге енгізу механизмін өзгерткенде, сонымен қатар, Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманы шектелген мерзімде қолданса активтендіруді қорғау механизмі бағдарламалық жабдықтаманы қоршауға алады.

Бұл бағдарламалық жабдықтама аталмыш компьютерлік құралды ғаламторға автоматты түрде қосады және Leica Geosystems немесе үшінші тараппен бағдарламалық жабдықтаманы тексеру немесе жасау үшін байланысқа шығады.

Бағдарламалық жабдықтаманың лицензиялық келісімі таратылмайды және жақты бағдарламалық жабдықтаманы пайдалануды қоспайды. Мұндай біржақты бағдарламалық жабдықтаманы Лицензиаттың пайдалану құқығы үшінші тараптар келтірген нұсқаулармен реттеледі. Сондай-ақ лицензиялық келісім Ашық бағдарламалық жабдықтамаға (АБЖ) қолданылады. Мұндай лицензиялық келісім шарттарына байланысты келіспеушілік туындаған жағдайда дау АБЖ сәйкес лицензиялық келісімінің шарттарына сай реттеледі.

### **3. Кепілдік**

**Тікелей кепілдік.** Лицензиар алғашқы Лицензиатқа (а) бағдарламалық жабдықтама сақталған ақпарат тасымалдағыш Лицензиатқа жеткізілгенге дейін материал сапасы және дайындалу сапасы бойынша ақауы жоқ екендігіне кепілдік береді және (б) кепілде көрсетілген мерзім ішінде сатып алуға сәйкес тапсырыс берілгенде бағдарламалық жабдықтама техникалық сипаттамаға сәйкес материалда орындалғандығына кепілдік береді. Лицензиар бағдарламалық жабдықтама ақаусыз және үздіксіз жұмыс істейді, бағдарламадағы барлық қателіктер түзетіледі деп кепілдік бермейді. Оған қоса, бағдарламалық жабдықтамадағы ақаулар кепілді бұзатындай мәнге ие және осы пункттің (б) тармағында көрсетілгендей ақау бағдарламалық жабдықтаудың қызмет ету себебі болуы тиіс. Осылайша ол өнім сипаттамасында көрсетілген мақсаттарға пайдалануға жарамсыз болады. Сондай-ақ Лицензиат қажетті қызметке жанама түрде қол жеткізсе («мәселені шешудің айналма жолдарының» көмегімен), онда қателік келтірілген кепіл бойынша міндеттер әкелетін ақау тудырмайды. Жоғарыда айтылған кепілге сәйкес Лицензиардың жалғыз міндеті лицензиардың таңдауы бойынша не соның есебінен (а) ақпарат тасымалдағышты не бағдарламалық жабдықтаманы техникалық сипаттамаға сәйкестену үшін алмастыру (оның ішінде шектеусіз жаңа нұсқаға алмастыру не баламалы бағдарламалық жабдықтама пайдалану); немесе (б) құжаттаманы жаңарту арқылы жөндеу кодтарын бере отырып бағдарламалық жабдықтаманы жөндеуден өткізу; (в) 7 бөлімге сәйкес бағдарламалық жабдықтаманы қайтарғаннан кейін лицензия құнын өтеу және лицензиялық келісімнің әрекетін жою. Жоғарыда айтылған кепілдік кез келген алмастырылған ақпарат тасымалдағышқа және алғашқы кепілдік мерзімі өткенге дейін бағдарламалық жабдықтамаға қолданылады.

Бағдарламалық жабдықтаманы қызмет ету орнына дейін жеткізу кезіндегі шығын мен қауіпке Лицензиат жауапты болады.

**Кепілдік қызмет алу.** Лицензиат бағдарламалық жабдықтамадан көрсетілген кепілдік бойынша жауапкершілік тудыруға алып келетін ақау тапқан жағдайда ол бағдарламалық жабдықтаманы пайдалануды тоқтатып Лицензиарға немесе оның сату бойынша жергілікті серіктестеріне жазбаша түрде ақау туралы хабар беріп, ақау туралы хабар беру мерзімінде сәйкес құжаттаманы жіберуі керек. Ақау туралы ақпарат беру мерзімі ақпарат тасымалдағышты (ақау ақпарат тасымалдағышта болса) жеткізген күннен бастап 90 (тоқсан) күн, бағдарламалық жабдықтама жеткізілген күннен бастап 1 (бір) жыл (ақау бағдарламалық жабдықтамада болса). Ақауға байланысты жазбаша нақтылаушы құжаттама Лицензиат көрсеткен ақауды лицензиар тапқан жағдайда жеткілікті болып табылады.

Лицензиар ақаулар туралы хабар мерзімдерінің сәйкестігін анықтай алуы үшін лицензиат сәйкес тауар чегін қоса ұсынуы тиіс. Лицензиат жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізуіне немесе үшінші тарапқа осындай жұмыстар жүргізуге рұқсат беріне болмайды. Лицензиар өтініші бойынша Лицензиат ақау тудырған жағдайларды талдауда және түзету кодын жасау мен сынауда көмек көрсетуі керек.

**Бірыңғай кепілдік.** Бағдарламалық жабдықтамада ақау тапқан жағдайда Лицензиаттың негізгі құқықтық қорғаныш құралы жоғарыда айтылған тікелей кепілдік болып табылады.

Бағдарламалық жабдықтама бар функцияларымен және тікелей кепілдіктен басқа кез келген кепіл немесе кепілгерліксіз лицензияланады . Мұндай тікелей кепілдік заңмен немесе басқа да жағдайлармен қарастырылған кез келген басқа кепілдердің орнына пайдаланылады, оның ішіне тауарлық жарамдылық шарттары мен мерзімі, белгілі бір мақсатқа жарамдылығы, сапаға сәйкестігі де кіреді.

Лицензиат Лицензиардың немесе сауда агенттерінің мұндай бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланудың нәтижелері мен жарамдылығына немесе оның нақтылығы мен тиімділігіне қатысты қандай да бір кепіл беруге құқығы жоқ екендігінен және де басқа кез келген кепілдеменің заңды күші болмайтындығынан хабардар.

Лицензиат өз қажеттілігіне сәйкес бағдарламалық жабдықтаманы таңдауда жауапты болады. Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманың көмегімен қол жеткізген нәтижелерге және оны лицензиат жоспарлағандай қолдану үшін жарамдылығына тіпті Лицензиат мұндай бағдарламалық жабдықтаманы пайдалану туралы ақпарат берген болса да кешенді түрде жауапты болады.

**Лицензиар тікелей кепілдемеде көрсетілген өз міндеттерінен босатылады** егер кез келген ақау ол жауапты емес жағдайдан туындаса, оның ішінде, (а) өнімнің сипаттамасында көрсетілген пайдалану және тұтыну шарттарын сақтамау; (б) лицензиялық келісім шарттарын сақтамау; (в) бағдарламалық жабдықтамаға Лицензиат немесе үшінші тараптың рұқсатсыз өзгеріс енгізуі; (г) Лицензиат немесе үшінші тараптағы тұлғаның бағдарламалық жабдықтамамен жұмыс істеу кезінде қателік жіберуі; (д) Лицензиар ұсынбаған бағдарлама немесе жүйенің ықпал етуі; (е) көрсетілген компьютерлік құралдан басқа компьютерлік құралды қолдану.

Кепіл шарттарына сәйкес Лицензиар жауапты болмаған жағдайда немесе Лицензиат өз міндетін толық орындаудан бас тартқан кезде қосымша шығынды лицензиар алатын болса 3 бөлімге сәйкес (оның ішінде Лицензиарға құжаттама беру және көмек көрсету) Лицензиар Лицензиаттан ақауларды жөндеу барысында уақыт пен шығындалған материалға тәуесіз , Лицензиар уақытының тарифтеріне сәйкес шығынды өндіріп ала алады.

#### **4. Интеллектуалды меншік құқығы**

Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманың лицензиялық келісімінің 2 бөлімінде тікелей көрсетілген құқықтарға ғана ие болады. Бағдарламалық жабдықтамаға қатысты кез келген басқа құқықтар, оның ішінде меншік және патент құқығы, авторлық құқық, тауарлық белгілер, коммерциялық құпия және басқа да интеллектуалды меншік құқықтары Лицензиар меншігі болып қалады. Лицензиат бағдарламалық жабдықтамадан кез келген авторлық құқыққа, сауда маркасына және басқа да меншік құқықтарын сілтемені өшірмеуге және өзгертпеуге міндетті. Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманы кез келген рұқсатсыз пайдаланудың, сату мен таратудың немесе оған рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу үшін барлық шараларды қолдануы тиіс.

Лицензиат тарапынан лицензиардың кез келген құқығының бұзылуымен байланысты шығындарды (заңды шығындар), лицензиаттың келісімді бұзуына байланысты шығындарды лицензиат өтейді және лицензиарды одан қорғауы тиіс.

Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманың өзгертілмеген нұсқасын лицензиялық келісім шарттарына сәйкес пайдалануға негізделген **Лицензиаттың құқықтық араласушылығы бар жағдайда** Швейцарияда, Еуропалық Одақта, Жапония мен АҚШ немесе басқа да лицензиар бағдарламалық жабдықтаманы сатуды жүзеге асыратын басқа да елдерде келісімге сәйкес интеллектуалдық меншік құқығы бұзылады. Сондай –ақ мұндай пайдалану теріс ықпалды бәсеке болатын болса Лицензиар мұндай араласушылыққа Лицензиат сот ісінің ашылғандығы жайлы тез арада жазбаша түрде хабарлаған жағдайда өз есебінен қатысады. Лицензиат Лицензиарға сот істерін шешуге сенімхат беріп, көмек көрсетуі керек.

Лицензиардың жеке пікірі бойынша **бағдарламалық жабдықтаманың қолданыстағы өзгеріссіз нұсқасы үшінші тараптың интеллектуалды меншік құқығын бұзса** ол өз қарастыруы бойынша (а) Лицензиаттың бағдарламалық жабдықтаманы пайдалануына үшінші тараптан рұқсат алу; (б) бағдарламалық жабдықтаманы алмастыру; (в) интеллектуалды меншік құқығын бұзу бойынша қиындық туындамайтындай өзгерту немесе (г) жоғарыда айтылған шаралар мүмкіншілік шеңберінде болмаса келісімнің әрекетін дереу тоқтату және лицензиатқа лицензиялық төлемнің бір бөлігін(лицензиаттың бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланған сәйкес төлемін ескере отырып) өтеуге тиіс.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан Лицензиат 4 бөлімнің екі пунктіне сәйкес өз міндеттерінен босатылады: (а) егер бағдарламалық жабдықтама лицензиатпен өзгертілген деген тұжырымға негізделген болса немесе (б) басқа бағдарламамен не мәліметтермен қолданылып соның нәтижесінде үшінші тараптың құқығы бұзылуына алып келген болса немесе (г) өнім сипаттамасында көрсетілген шарттардан басқа жағдайларда қолданылған болса.

## **5. Жауапкершілікті шектеу**

Лицензиар күші бар заңнама рұқсат еткен шамада бағдарламалық жабдықтама жұмысындағы ақаулар немесе лицензия сатып алуға байланысты қаржылық шығындар, Лицензиат тарапынан шығынның артуы, әрекетті мәжбүрлі түрде тоқтату, мәліметтерді жоғалту, байланыстардың жоғалуы немесе кірістің жоғалуына байланысты тікелей немесе жанама шығындар үшін жауапты болмайды. Жоғарыда айтылған жауапкершілікті шектеу Лицензиар осындай шығынның болу мүмкіндігінен хабардар болған жағдайда қолданылады. Лицензиар өзінің теріс әрекеттері мен құнтсыздығынан туындаған шығындарға ғана жауапты болады. Аталмыш жауапкершілікті шектеу құқықтық нормаларға тәуелсіз шығынның орнын толтыру туралы барлық арыздарға, соның ішінде келісім, алдын ала келісім немесе квази-келісім бойынша заңды құқықтардың бұзылуына негізделген арыздарға да қатысты. Сонымен қатар, жауапкершілікті шектеу лицензиар директоры мен қызметкерлеріне және де бағдарламалық жабдықтаманы жасау мен таратуға қатысатын барлық лицензиар агенттері мен өкілдеріне қатысты болып табылады.

Қызметкерлерге бағдарламалық жабдықтаманы дұрыс орнату және қолдану туралы барлық қажетті білімді беру Лицензиаттың тікелей міндеті болып табылады. Бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланушылар тарапынан білімнің жеткіліксіздігінен туындаған мәселелер мен ақауларға Лицензиар жауапты болмайды.

## **6. Басқа кепілдердің ерекшелігі**

Лицензиат ауызша және жазбаша түрдегі жарнамалық хабарламалар, нұсқаулар мен арыздар, кепілдемелер мен декларацияларды жоғарыда айтылған кепілді және жауапкершілікті шектеуді ұзартуға немесе түзетуге мүмкіндігі бар Лицензиар да, оның қызметтестері де, сауда агенттері де, делдалдар да жасамағанын жасамағандығымен келіседі. Лицензиатқа жоғарыда айтылған тұлғалардың ешқайсысын қандай да бір түзету енгізуге немесе кепілдік беруге Лицензиар тағайындамағанын айтылады.

## **7. Келісім мерзімі және оны бұзу шарттары**

Лицензиялық келісім лицензиат келісім шарттарын қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді және сатып алуға тапсырыста көрсетілген мерзім ішінде күшінде болады.

Лицензиялық келісімде көрсетілген келісімді бұзу құқығына қосымша тараптардың әрқайсысы лицензиялық келісімнің әрекетін кез келген уақытта тоқтатуға құқылы:

- а) екінші тарап келісімге сай міндеттерін орындамағанда, оның ішінде лицензиялық жиынды төлемегенде және міндетті орындамаған тарап жазбаша түрдегі нұсқауды алғаннан кейін 45 (қырық бес) күн ішінде бұзылуды жоймаған жағдайда
- б) өз несиелерін төлеуге жағдайы жоқ және төлемдерге қабілетсіз болғанда немесе жою, әрекетін тоқтату туралы шешім не қаулы қабылданса, немесе барлық активтерді не оның бөлігін пайдаланатын әкімші-жоюшы, қамқоршы немесе несие берушілермен қандай да бір мәмілеге келген басқарушы болған жағдайда.

Лицензиялық келісім әрекетін тоқтатқан жағдайда лицензиатқа тиіесілі бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланудың барлық құқығы бұзылады. Лицензиялық келісім тоқтатылған мерзімнен бастап 30 (отыз) күн ішінде бағдарламалық жабдықтаманы және оның барлық көшірмелері мен бөлшекті көшірмелерін, сондай-ақ оның жаңартылған және аралас бөліктерін, барлық қорғаныш құрылғыларын жоюы (және лицензиарға жойғанын жазбаша түрде нақтылауы) немесе Лицензиарға қайтаруы тиіс.

## **8. Бағдарламалық жабдықтаманың импорты, экспорты және пайдаланылуы**

Лицензиат бағдарламалық жабдықтаманың импорты, экспорты және пайдалану құқығына қатысты барлық сәйкес заңнамаларды сақтауға толықтай жауапты болады.

## **9. Жалпы ережелер**

Келісімнің қандай да бір ережелері қанда да болмасын себеппен жүзеге асыруға жарамсыз болса, мұндай шарттар мен ережелер жарамсыздығына және жүзеге аспауына сәйкес тиімсіз деп танылады. Алайда келісімнің қалған барлық шарттары мен ережелері өз күшінде қалады. Сондай-ақ тараптар жарамсыз және жүзеге асырылмайтын ережелерді экономикалық жоспар мен мақсатқа сай бастапқы ережеге жақын ережелермен алмастыру керек. Келісім текжазбаша түрде ғана өзгертіліп, Leica Geosystems уәкілетті өкілінің қол қойылуы тиіс. Келісім Leica Geosystems

компаниясы және Лицензиат арасындағы бағдарламалық жабдықтамаға қатысты толық келісім болып табылады және ол бағдарламалық жабдықтамаға қатысты алдындағы барлық тұжырымдарды, түсініктер мен жарнамаларды алмастырады.

#### **10. Тараптық пайда табушылар**

Тараптар келесі туралы келісті: Leica Geosystems еншілес компаниялары, соның ішінде Өнім сатқан заңды тұлғалар осы лицензиялық келісімнің пайда табушылары болып табылады және, жоғарыда айтылғанды шектемей, осындай еншілес компаниялар Бағдарламалық жасақтама туралы осы лицензиялық келісімге сәйкес Leica Geosystems қол жетімді барлық қорғаныс құралдарына ие болады.

#### **11. Қолданылатын заңнама мен дау шешу орны**

Халықаралық тауарлар сатып алу-сату келісім-шарттары туралы БҰҰ Конвенциясымен реттелетін ережелерден басқасында, осы келісім Швейцария заңнамасының нормаларымен реттеледі. Швейцариядағы, Бальгахтағы Leica Geosystems ЖШС бас кеңсесі орналасатын жалпы соттар сәйкес құзыреттілікке ие. Лицензиар, өзінің шешімі бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша немесе Лицензиаттың шаруашылық қызметі жүргізілетін заңды мекен-жай бойынша соттарға жүгінуге құқылы.

Leica Geosystems ЖШС  
Генрих-Вильд-Штрассе 201  
СН-9435 Хербург  
(Швейцария)

Хербург, 25 наурыз 2013 жыл